

6D070800 «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесіне үміткер Кабдушев Арман Арстанғалиұлының «Тиімді тампонаждық ерітінділерді қолдану арқылы ұнғыманы аяқтаудың сапасын арттыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

**ПКІР**

**Тақырыптың маңыздылығы.** Ұнғыманың құрылышы бірнеше кезеңнен тұратындығы барлығына мәлім. Тізбекті түрде жүзеге асырылатын кезеңдердің бірі - ұнғыманы аяқтау кезеңі. Бұл кезеңде өнімді қабаттың коллекторлық қасиеттерін сақтау, ұзақ мерзімге шыдамды және саңылаусыз бекітілген оқшауы бар, қабат пен жер бетін байланыстыруши канал жасау сияқты міндеттер орындалуы қажет. Әсіресе, кенорынды игерудің соңғы сатысында болғанда, курделі жағдайлармен күресу, табиғи коллекторлық қасиеттерін сақтау, ұнғыманы сапалы цементтеу мәселелері одан ары курделене туследі.

Ұнғыманы цементтеудегі сапаны төмендетуші негізгі факторлар тампонаждық ерітінді мен шеген тізбегінің арасындағы байланысты қамтамасыздандырылмағаны, цементтеу процесінде туындастырылуын күрделі жағдайлардың алдын алу немесе болдырмау бойынша жұмыстардың жүргізілмеуі, ұнғымага газдың енуі, газ бен флюидтердің миграциясы саналады.

Диссертант Кабдушев А.А осы мәселелерді шешуге арналған жаңа тығындау ерітіндісін ұсынып отыр. Бұл құрамның ерекшелігі, тығындау ерітіндісінің қойылатын технологиялық және экономикалық талаптарға толық сай келетіндігінде. Таңдалған тақырыптың маңыздылығын осыдан анықтайды.

Зерттеу жұмыстарының мақсаты – субергіштігі төмен тығындау ерітіндісін жасау, және соның негізінде ұнғыманың сапасын арттыру.

**Ғылыми жаңалықтың корытындылары мен ұсыныстарының негізделу дәрежесі.** ПАК реагентінің тығындау ерітіндісінің және ПАК реагентінің цементпен бірге дезинтеграторда өндөлген қоспасының технологиялық қасиеттеріне әсері алғаш рет зерттелді. Сонымен бірге ПАК реагенті қосылған тығындау ерітіндісінің цемент тасының көлемін ұлғайтушы қосымшалармен өзара сәйкестігі зерттелді. Тығындау ерітіндісінің гидростатикалық қысымының төмендеуі мен құрылым түзу кинетикасы, және жаңа реагенттерді қолдану кезінде ұнғымага газдың ену мүмкіндігі арасындағы байланыс анықталды. Ұнғымага газдың енуін алдын алудағы ПАК реагентінің тиімділігі дәлелденді. Кабдушев А.А алынған мәліметтерді зертханалық жағдайда зерттеумен қатар, оны өндірістік сынақтан өткізіп, тиісті актпен растиған.

**Жұмыстың ғылыми – практикалық маңыздылығы** болып тек полиэлектролит негізіндегі субергіштігі төмендетілген тығындау ерітіндісінің дайындалуында емес, сонымен бірге ерітіндінің қазіргі кездегі

заманауій талаптарға сай келуінде. Яғни тығындау ерітіндісі ұлғайтушы қоспалармен жұмыс істей алады, сонымен бірге газдың ұнғымаға енуіне қарсы тұра алатындығы және тұзды қабаттармен кері реакцияға ұшырамайтындығы. Аталған тығындау ерітіндісі Атырау өніріндегі кенорындарда аппробациядан өткен, еліміздегі 2000-2500 метр аралығындағы ұнғымаларда қолданылып, ұнғыма сапасын арттыра алады.

### **Жүргізілген зерттеулер мен алынған нәтижелердің жаңалығы**

Диссертациялық жұмыстың жаңалығы бойында сұйықтықты ұстап тұру қасиеті жоғары тығындау ерітінділерін жетілдіруге және субергіштігі төмен тығындау ерітіндісін алуға негізделген. Осы саладағы автордың еңбектері өнертабыс патенттерімен дәлелденеді.

Диссертацияның ең маңызды нәтижелеріне мыналар жатады:

- Тығындау ерітінділердің фильтрациялық қасиеттерін реттеу үшін полиэлектролиттік реагенттер тиімді болып саналатыны және оның цемент тасының беріктілігін арттыратыны анықталды.

- Катиондық полиэлектролит қосымшалары бар тығындау ерітінділерінің реологиялық қасиеттерін реттеу үшін ReoTeck 8100 поликарбоксилат тобының пластификаторын қолдану ұсынылған.

- Ұнтақ түріндегі катиондық полиэлектролитті дезинтегратормен өндеу оның еру жылдамдығын арттыратындығы анықталды.

- Катиондық полиэлектролиттердің қолданылуы цементтің қату кезеңінде тығындау ерітіндісі арқылы ұнғымаға газдың енуін болдырмайтыны анықталды.

Жұмыстың өзектілігі мен жаңашылдығы ешбір күмән тудырмайды, алға қойылған мақсаттар зертханалық және эксперименттік зерттеулер негізінде шешілген.

### **Корытынды**

А.А.Кабдушевтың диссертациялық жұмысы ғылыми-зерттеу жаңалығы бар толық аяқталған жұмыс деп санаймын. Ал ашылған жаңалықтары мен зерттеулер нәтижелері, ұнғыманы цементтеу жөніндегі мамандарға таптырмас материал деп ойлаймын.

Жұмыс қарапайым тілмен түсінікті етіп жазылған және барлық техникалық стандарттармен нормаларға сай етіп рәсімделген.

Осы диссертациялық жұмыс КР ғылым мен білім саласын бақылау Комитеті талаптарына сай деп ойлаймын. Сондықтан, диссидентант Кабдушев Арман Арстанғалиұлын «6D070800 – Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

«Petroleum Engineering Consulting FEO»

ЖШС директорі, Қ.И.Сатпаев атындағы

Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің

ассоц. профессор т.ғ.к.



Исмаилов А.А.